# Азаттықтың ақ таңындай!..

№42 (20 907)
23 қазан,
2025 жыл, бейсенбі

Atr.kz gazeti

# Атырау

Облыстық қоғамдық-саяси газет

Atyrau.gazeti
atyrau_gazeti@mail.ru
Атырау газеті
www.atr.kz
«Атырау» газеті
atyrau_gazeti
Atyrau_news
Атырау жаңалықтары

*25 қазан – Республика күні

## Қадірлі Атырау жұрты, мұнайлы өлке мейманадары!

*Сіздерді шын жүректен 25 қазан – Республика күнімен құттықтаймын!*

*Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев «азаттықтың алтын қазығын қаққан күн» деп ардақтап, ұлттық мереке мәртебесімен жұртшылықпен қайта қауышқан бұл мейрам — Тәуелсіздігіміз туралы декларация қабылданып, егемендігімізге жол салынған қастерлі күн.*

*Қазақ елі өзінің даму тарихында түрлі кезеңді бастан өткерді. Бүгінде біз жаңа мемлекеттің моделі — Жаңа Қазақстанға қол жеткіздік. Мұнда ел дамуына мүдделі әрбір қазақстандықтың үлесі бар.*

*Лайым еліміз үшін адал қызмет етіп, Отанымыздың одан әрі гүлденуі жолында күш біріктіре еңбек етейік! Елдігіміз мәңгі боп, татулықтың көк байрағын саялаған азат жұртымыздың әлеуеті арта берсін! Әр шаңыраққа бақ-береке, амандық-саулық тілеймін!*

*Республика күні құтты болсын!*

**Серік ШӘПКЕНОВ,**
**Атырау облысының әкімі**


Коллажды жасаған Дәурен ҚУАНЫШ

Республика күні 25 қазан

## Тәуелсіздікке БАСТАҒАН ТАРИХИ ҚҰЖАТ

4-5

Республика күні 25 қазан

## Құрметті Атырау облысының тұрғындары және қонақтары!

ТЕҢІЗШЕВРОЙЛ

*Сіздерге «Теңізшевройл» компаниясының көпұлтты ұжымының атынан Қазақстан Республикасы күніне орай ізгі тілегімізді жолдаймыз.*

*Бұл Қазақстан тарихындағы ерекше күн, ол мемлекеттің негізі қаланып, даму жолы айқындалған маңызды кезеңдерді бейнелейді. Республика күні – бұл қазіргі Қазақстанның құрылуына ықпал еткен маңызды оқиғаларды еске алуға, қоғамның тұрақтылығы мен әл-ауқатын нығайтуға үлес қосып жүрген барлық азаматтарға құрмет көрсетуге үлкен себеп.*

*1993 жылы құрылған «Теңізшевройл» ЖШС өз қызметі барысында өндірістік инфрақұрылымды дамытуға бағытталған жобаларды жүзеге асырып келеді, сонымен бірге компания қызметкерлері мен олардың отбасылары тұратын және жұмыс істейтін өңірдегі әлеуметтік бастамаларды қолдайды.*

*32 жыл ішінде ТШО-ның Қазақстан Республикасы бюджетіне төлеген тікелей қаржылай төлемі 206,3 миллиард АҚШ долларынан асты, ал жергілікті тауарларға, жұмыстар мен қызметтерге салған инвестиция 51,4 миллиард АҚШ долларынан асты. 1993 жылдан бері Атырау облысында 120-дан астам әлеуметтік-инфрақұрылымдық нысан салынған және 159-дан астам әлеуметтік жоба жүзеге асырылған бірқатар бағдарламалар жұмыс істеп келеді. Тек 2025 жылы ғана ТШО әлеуметтік инвестиция бағдарламасы аясында Атырау облысында денсаулық сақтау мен білім сапасын жақсартуға, азаматтық қоғамды дамытуға бағытталған 20 әлеуметтік жобаға қаржылай көмек берді.*

*Республика күні құтты болсын! Біз Қазақстанның әр азаматына шын жүректен мықты денсаулық, бейбітшілік, татулық және ертеңгі күнге деген сенім тілейміз. Бұл мереке бірлік пен құрметтің, ортақ даму жолындағы ұмтылыстың белгісіне айналсын.*

*Қазақстан Республикасы күні құтты болсын!*

**Уильям ЛАКОБИ,**
**«Теңізшевройл» ЖШС бас директоры**

**Көңілқош СҮЙЕСІНОВ,**
**«Теңізшевройл» ЖШС бас директорының орынбасары**



*Республика күні*

## Ел бірлігін бекемдейтін мереке

Өңірде Республика күні мен Қазақ КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы декларациясының қабылданғанына 35 жыл толуына орай мәдени, спорттық және әлеуметтік бағыттағы 69 іс-шара ұйымдастырылуда. Бұл туралы облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Гүлнұр Сүйеуова Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте мәлімдеді.

Басқарма басшысының айтуынша, 25 қазан – басты мереке күні Атырау қаласы мен барлық ауданда Мемлекеттік Ту көтеру рәсімі болады. Махамбет атындағы академиялық қазақ драма театрында салтанатты жиын ұйымдастырылып, Қ.Смағұлов алаңында тұрғындарға арналған кең көлемді мерекелік концерт пен халықтық серуен өтеді. Осындай шаралар облыстың барлық аудан орталықтарында да қолға алынады.

Сонымен қатар мереке қарсаңында өңірде 9 жаңа әлеуметтік және білім беру нысаны іске қосылады. Олардың қатарында Атырау қаласындағы 900 орындық екі «Келешек» мектебі, Махамбет және Қызылқоға аудандарындағы дене шынықтыру-сауықтыру кешендері, Құрманғазы және Исатай аудандарындағы бірнеше медициналық пункт бар. Бұл нысандардың ашылуы өңір тұрғындарының өмір сапасын арттыруға бағытталған нақты қадам болмақ.

Брифинг барысында басқарма басшысы мерекеге арналған мәдени, ғылыми және спорттық іс-шаралар да ерекше мазмұнмен өтетінін атап өтті. «Менің Қазақстаным» атты сурет және эссе байқаулары, «Менің Республикам» дебат турнирі, сынып сағаттары, халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар, әдеби кештер мен спорттық жарыстар ұйымдастырылады. Сондай-ақ «Мәңгілік жаса, Қазақстан!» атты экологиялық акция, қайырымдылық шаралары мен тұрғындарға арналған жәрмеңкелер де өтеді.

Ақпараттық қолдауға да ерекше мән берілген. Әлеуметтік желілерде елдікті насихаттайтын бейнероликтер, посттар жарияланып, телеарналар мен радиоларда мерекелік айдарлар шығады.

– Барлық шара ел бірлігін нығайтуға, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге және тәуелсіздіктің маңызын кеңінен түсіндіруге бағытталып отыр. Біздің басты мақсатымыз – мерекені мазмұнды, ұйымшылдықпен және жоғары деңгейде өткізу, -деп қорытындылады Г.Сүйеуова.

Республика күні қоғамдық көліктер тегін жүреді.

**Еркеназ ҚАЛИЖАН**

# Мен атаммен мақтанамын



Екінші дүние жүзілік соғысқа бастан аяқ қатысушы «Қызыл Ту орденді соғыс және еңбек ардагері атам Сатыш Кадргужиннің ерлік жолдарын баяндай отырып, Ұлы Жеңістің 80-жылдығы алдында бұған дейін елеусіз ескерусіз қалған қаһармандық иесінің есімі ел тарихында өшпестей із қалдыруын қалайтынымызды білдіргіміз келеді.

Атам Сатыш екінші дүниежүзілік соғыстың тарихында жауды жеңуде түбегейлі бетбұрыс болған Сталинград қаласын қорғауда жанқиярлықпен қаһармандықтың нағыз үлгісін көрсеткен ерлердің бірі. Бұлай деуімізге мына деректер куә болады. Атам Сатыш 1320-шы атқыштар полкі бойынша 02.06.1944 ж. №46 бұйрықпен, «Жанқиярлық ерліктері мен тапсырылған қаруды (пулеметші) үлгілі ұстағаны үшін, снайпер белгісімен, 41035 әскери бөлімі бойынша» Бөлімше командирі кіші сержант Сатыш Кадргужинге неміс басқыншылары мен күресте майдан командаваниесінің жауынгерлік тапсырмаларын үлгілі орындағаны және айбынды ерлік пен батылдық көрсеткені үшін, «Қызыл Ту» орденімен наградталды» делінген құжаттарда. Орёл Курск бағыттарындағы ұрыстарға қатысқан. 1946 жылы 15.07. «Германияны жеңгені үшін» медаль өз алдына. Екі мәрте ауыр жарақат алып бір аяғынан айырылған мүгедектігіне қарамастан атам Сатыш соғыстан кейінгі жылдарда 1967 жылдан бастап зейнеткерлікке шыққанға дейін Жамбыл атындағы кеңшарда ветеринар болып жұмыс жасады. Мал шаруашылығын өркендету саласында абыройлы еңбек етті. Жұбайы Ерғалиева Күміс әжем екеуі үш бала тәрбиелеп өсірді. Қызы Рабиға, ұлдары Тәжіғали, Жеңіс олардан немере-жиен көрді. 1983 жылы қайтыс болды. Ерлік пен қаһармандықтың талай үлгісін көрсеткен атам Сатыш туралы Ғ.Ғабдуллинаның «Отқа оранған балалық шақ», Ө.Нүриевтің «Құтты мекен – Қызылжар», Б.Аталықтың «Киелі де қасиетті Жарсуат» деген кітаптар-жинақтарында естеліктерінде жазылған. Менің атам Сатыш осындай кісі болған. Мен осындай адамның немересі болғанымды мақтан тұтам.




**Немересі Гүлжан**

# Хабарландыру

«ҚоЖаН» АҚ-ы 2025 жылғы 25 қарашада сағат 15.00-де Атырау облысы, Жылыой ауданы, Қосшағыл а. о., Қосшағыл а., Толтыр к-сі №77, «Сүлейман» мейрамханасы мекен-жайы бойынша «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі төменде көрестілген жобалар бойынша қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды:

«Морское» кен орнының келісім-шарттық аумағында №425 көлденең пайдалану ұңғымасын салуға арналған жеке техникалық жоба (Западное Морское блогы)»,

«Морское» кен орнының келісім-шарттық аумағында №426 көлденең пайдалану ұңғымасын салуға арналған жеке техникалық жоба (Западное Морское блогы)»,

«Морское» кен орнының келісім-шарттық аумағында №427 көлденең пайдалану ұңғымасын салуға арналған жеке техникалық жоба (Западное Морское блогы)»,

«Морское» кен орнының келісім-шарттық аумағында №537 көлденең пайдалану ұңғымасын салуға арналған жеке техникалық жоба (Огайское блогы)»,

«Морское» кен орнының келісім-шарттық аумағында №538 көлденең пайдалану ұңғымасын салуға арналған жеке техникалық жоба (Огайское блогы)»,

«Морское» кен орнының келісім-шарттық аумағында №541 көлденең пайдалану ұңғымасын салуға арналған жеке техникалық жоба (Огайское блогы)»,

«Морское» кен орнының келісім-шарттық аумағында №543 көлденең пайдалану ұңғымасын салуға арналған жеке техникалық жоба (Огайское блогы)»,

«Морское» кен орнының келісім-шарттық аумағында №544 көлденең пайдалану ұңғымасын салуға арналған жеке техникалық жоба (Огайское блогы)».

ZOOM платформасында онлайн режимінде қосылу сілтеме арқылы мүмкін болады:

https://us06web.zoom.us/j/81391120128?pwd=Vij2pag8nEAY3vmWF9iiAAM3oRYe8P.1

Идентификатор 813 9112 0128, кіру коды 330857

Жоба тапсырушы: «ҚоЖаН» АҚ-ы, БСН 010440005294, телефон +77012069762 e-mail: elmira.khassanova@kozhan.kz

Жобаны әзірлеуші: «Дербес Солюшенс» ЖШС-і, БСН 090140008064, телефон +77015257379. Директоры Конисов А.Б. derbessolutionsllp@gmail.com

Құжаттама БЭП сайтында орналастырылған: https://ndbecology.gov.kz/

Ескертулер мен ұсыныстар жазбаша немесе электрондық нысанда мына мекен-жай бойынша қабылданады: «Атырау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ: Атырау қаласы, Әйтеке би көшесі, 77, тел 87122325509, эл. мекен-жайы: atr_priroda@mail.ru, ga.arystanova@atyrau.gov.kz, https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=ru

Қосымша ақпаратты электрондық пошта арқылы алуға болады: және +77012885920 телефоны бойынша.

# Хабарландыру

Сенім білдірілген тұлғасы – Утегенов Марат Ерболович төменде көрсетілген кепіл мүлкін сату бойынша аукцион өткізеді:

**№1 лот:** Атырау қаласы, Еркінқала ауылдык округі, Балауса шағынауданы, 32 көшесі, 35 үй мекен-жайында орналасқан, жер телімінің жалпы алаңы 0.08 га, жалпы ауданы 163.1 ш.м., оның ішінде тұрғын ауданы 96.8 ш.м., Кадастрлық № 04-066-061-2471, мекен-жайында орналасқан. Бастапқы құны – 32 473 311 теңге. Сауда-саттық 04.11.2025 ж. сағат 10.00 де Атырау қ., Құлманов көшесі, 117 Б, 5-ші қатар мекен-жайында бағаны көтеру әдісімен өткізіледі.

Сауда-саттыққа қатысу үшін кепілдік жарна бастапқы құнның 5 (бес)% құрайды, сатып алу бағасын төлеу мерзімі – 5 (бес) жұмыс күн, Банктің транзиттік шотына KZ248560000000004799 ақша салу арқылы. Көтерілу қадамы жарна бастапқы құнның 3 (үш)% құрайды. Сенім білдірілген тұлғалар хабарландыру жарияланған күннен бастап кепілдік жарналарды және өтінімдерді қабылдайды. Өтінімдерді қабылдау аукцион басталатын күннен бір күн бұрын тоқтатылады. ҚР «Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы» Заңының 31-бабының 1 және 2 тармағына сәйкес сатып алу бағасын аукцион аяқталғанға дейін төлеу мүмкіндігін растауды ұсыну қажет, атап айтқанда қолма-қол ақшаны және/немесе банк нысанында және/немесе интернет-банкинг және/немесе шоттан үзінді көшірме арқылы немесе ҚР заңнамасында белгіленген өзге де тәсілдермен.

Сенім білдірілген тұлға – М.Е.Утегенов, Атырау қаласы, Құлманова көшесі, 117 Б, 5-ші қатар. Аукцион туралы қосымша ақпаратты +7 707 5035544 телефоны арқылы ала аласыз.

**Кепілдік жарналарды аударуға арналған деректемелер: Банктің атауы «Банк ЦентрКредит»АҚ Атырау қаласындағы филиалы, Құлманов көшесі, 117 Б БСК: KCJBKZKX, Банктің БСН: 980640000093, е/ш KZ248560000000004799**

## ҚР Экологиялық кодексінің (72, 73-баптары) талаптарына сәйкес 2025 жылдың 3-ші желтоқсанында сағат 10.00-де «Қашаған кен орнын жайластыру. Теңіз кешенінің өнімділігін тәулігіне 450 мың баррельге дейін арттыру» жобасы бойынша ықтимал әсерлер туралы есепті қарауға арналған қоғамдық тыңдау өткізеді.

**Қоғамдық тыңдау өткізілетін орын:** Атырау облысы, Атырау қ.ә., Дамбы ауылдық округі, Амангелді ауылы, Амангелді көшесі, 15 (ауылдық клуб).

**Учаскенің географиялық координаттары:** 46°26'13", 52°16'04".

**Әсер ету аумағының географиялық координаттары:**

1. 46° 21' 37,696" N, 52° 11' 52,296" E.
2. 46° 29' 5,631" N, 52° 21' 52,772" E.
3. 46° 21' 31,102" N, 52° 21' 41,442" E.
4. 46° 29' 12,254» N, 52° 12' 2,264» E.

**Бейнеконференц байланысқа сілтеме:**

https://zoom.us/j/99395024800?pwd=3Zzy11bFn0BvLd6thu2isIdnqS6IGZ.1

**Конференция сәйкестендіргіші:** 993 9502 4800

**Кіру коды:** 300735

**Жоспарланған қызмет бастамашысының атауы және байланыстары:** НКОК Н.В. (Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В.), БСН 000241000874, филиал: Атырау қаласы, Смағұлов көшесі 8, тел.: +7 (7122) 92 27 03

**Ықтимал әсерлер туралы есептердің авторларының мәліметтері мен байланыс ақпараты:** «Sustainable Ecology Development» ЖШС, Алматы қаласы, Асқаров көшесі, 3, тел.: +7 (727) 247-23-23, +7 (727) 247-26-26, эл. адресі: sed@sed.kz

**Жоба бойынша құжаттама орналастырылған интернет-ресурстың мекен-жайы:** https://ndbecology.gov.kz/

**Жоғарыда аталған жоба бойынша ескертулер мен ұсыныстарды Атырау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасына жолдауларыңызға болады (Атырау қ,, Әйтеке би к., 77):**

atr_priroda@mail.ru, ga.arystanova@atyrau.gov.kz, atr.priroda@atyrau.gov.kz

**ЖАО сайтына сілтеме:** https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=kk

**Қосымша ақпаратты көрсетілген эл.пошта және телефон нөмірі бойынша алуға болады:** Zhanat.Kozhan@ncoc.kz, +7 (7122) 92 27 03.




Атырау Энерго Кешені ұжымдары атынан

**Мутигуллин Амангелдінің**

қайтыс болуына байланысты оның отбасына көңілімізді білдіре отырып, қиын да орны толмас қазаға байланысты көңіл айтамыз және қайғыңызға ортақтасамыз.

Амангелді Мутигуллин өңірлік бұқаралық ақпарат құралдарының дамуына және қоғамдық өмірге елеулі үлес қосқан танымал фотокорреспондент болды. Оның жарқын бейнесі мен игі істері жақындарының, әріптестерінің және оны білетін барша жанның жүрегінде мәңгі сақталады.

**Атырау Энерго Кешені басқармасының төрағасы А.Т.ҚАРШЕГЕНОВ**

**«Атырау ЖЭО» ЖШС директоры М.Қ.АЛЕНОВ**

**«Атырау Жарық» ЖШС директоры М.У.ГУБАШЕВ**

**«Атырау жылу жүйелері» ЖШС директоры А.Н.ТЕМИРГАЛИЕВ**

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің педагогикалық ұжымы Физика және техникалық пәндер кафедрасының сеньор лекторы Мүтиғолла Рауан Амангелдіқызына әкесі

**Мүтиғоллаұлы Амангелдінің**

өмірден озуына байланысты отбасына, туған-туысқандарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің педагогикалық ұжымы Инновациялық білім беру факультетінің Дене шынықтыру және бастапқы әскери дайындық кафедрасының аға оқытушысы Қайырғожин Дулат Оразбайұлына әкесі

**Қайырғожаұлы Оразбайдың**

өмірден озуына байланысты отбасына, туған-туысқандарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

«Қаржылық мониторинг бойынша органдары ардагерлерінің ұйымы» қоғамдық бірлестігінің Атырау облысы бойынша филиалының ұжымы қаржылық мониторинг органдарының ардагері Байжігітов Ерлан Нұржанұлына аяулы анасы

**Заирова Гулзихан Мұғалқызының**

дүниеден озуына байланысты отбасыларының, туған-туысқандарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қаржылық мониторинг бойынша органдары ардагерлерінің ұйымы» қоғамдық бірлестігінің Атырау облысы бойынша филиалының ұжымы қаржылық мониторинг органдарының ардагері зейнеткер

**Каленов Нұрлан Қайырұлының**

кенеттен қайтыс болуына байланысты отбасыларының, туған-туысқандарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

# ЖЕКЕ ХАБАРЛАНДЫРУ

### ӘРТҮРЛІ

Жанармай бекеті сатылады. Индер ауданы, Есбол селосы. Тел.: 8 701 281 52 71, 8 778 589 89 58.

Ескі бакулық (б/к) кондиционер, газ баллон, дәнекерлеу аппараты (СССР), электрқозғалтқыш, самаурын, радиоаппаратура, кір жуғыш машина (Алматинка, Сибирь, Чайка) сатып аламын. Өзім алып кетемін.

8 775 349 18 60.

### НОТАРИУС ХАБАРЛАЙДЫ

26.08.1958 жылы туған, 25 сәуір 2025 жылы қайтыс болған **Аубекеров Алтай Сериковичтің** атына мұралық іс ашылуына байланысты мұрагерлердің Атырау нотариаттық аумағының жеке нотариусы Лайкова Лиза Жасталаповнаға хабарласулары сұралады. Мекен-жайымыз: Атырау қаласы, Құрманғазы көшесі, 8/5, байланыс телефоны: 8 702 500 28 76. Лицензия №18007980 санды Қазақстан Республикасы Әділет министрлігімен 20.04.2018 ж. берілген.

Нотариус Лукпанова Лаура Есмагзомовна хабарлайды: 2025 жылы 22 сәуірде қайтыс болған **Конирова Дарига Дюсовнаның** атына мұралық іс ашылды Осыған байланысты барлық мұрагерлердің нотариуске, Атырау қаласы, Азаттық даңғылы 74 үй, 15 кеңсеге - «Нотариус» орналасқан нотариалдық кеңсеге хабарласулары сұралады.

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 23 желтоқсан 2022 жылы №22025612 санды лицензиясын қолданушы, Атырау нотариаттық аумағының нотариусы Лукпанова Лаура Есмагзомовна. Ұялы тел.: +7-702-400-02-58.

Нотариус М.С.Сүлейменова хабарлайды: 09.07.2025 жылы қайтыс болған **Адилбаева Муслиманың** атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің төмендегі мекен-жайға хабарласуларын сұрайды. Исатай ауданы, Аққыстау селосы, Е.Қазақстан көшесінде орналасқан «ШАД» сауда орталығына, телефон: 8 (71231) 2-06-82.

Лицензия №0002271. Берілген күні 12.12.2008 ж.

Нотариус М.С.Сүлейменова хабарлайды: 20.04.2025 жылы қайтыс болған **Капатов Султангелды Сариевичтің** атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің төмендегі мекен-жайға хабарласуларын сұрайды. Исатай ауданы, Аққыстау селосы, Е.Қазақстан көшесінде орналасқан «ШАД» сауда орталығына, телефон: 8 (71231) 2-06-82.

Лицензия №0002271. Берілген күні 12.12.2008 ж.

Нотариус М.С.Сүлейменова хабарлайды: 01.07.2025 жылы қайтыс болған **Галиев Серикбай Алиповичтің** атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің төмендегі мекен-жайға хабарласуларын сұрайды. Исатай ауданы, Аққыстау селосы, Е.Қазақстан көшесінде орналасқан «ШАД» сауда орталығына, телефон: 8 (71231) 2-06-82.

Лицензия №0002271. Берілген күні 12.12.2008 ж.

Нотариус Ажибекова Гульнара Карсыбековнада, лицензия №15017217, ҚР ӘМ 23.09.2015 жылы берілген, 21.06.2025 жылы қайтыс болған **Даутов Сагынгали Утегеновичтің** атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты барлық мұрагерлердің нотариуске хабарласулары сұралады: Атырау қаласы, М.Өтемісұлы көшесі, 17 А, «Берекет» ғимараты, телефоны: 87022739383.

Атырау облысының нотариусы Д.Б.Кушкенова хабарлайды: 18.08.2025 жылы қайтыс болған **Жубанов Амангельды Аиповичтың** атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің төмендегі мекен-жайға хабарласулары сұралады: Атырау облысы, Мақат ауданы, Мақат поселкесі, С.Бекжанов көшесі, 13 Б үй, 19 пәтер, байланыс телефоны: 8/71239/3-42-11. Лицензия №13000262, 14.01.2013 ж.

Нотариус М.С. Сүлейменова хабарлайды: 19.08.2025 жылы қайтыс болған **Шугайпов Талгаттың** атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің төмендегі мекен-жайға хабарласуларын сұрайды. Исатай ауданы, Аққыстау селосы, Е.Қазақстан көшесінде орналасқан «ШАД» сауда орталығына, телефон: 8 (71231) 2-06-82. Лицензия №0002271. Берілген күні 12.12.2008 ж.

21.07.2025 ж. қайтыс болған **Кенжегалиев Молдаш Оразовичтің,** 03.06.1966 ж. т., атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің төмендегі мекен-жайға хабарласулары сұралады: Атырау қаласы, Азаттық даңғылы, 17 үй, 1/3 кеңсе. Жұмыс телефоны: 87785229940. Нотариус Қызылова Эльмира Қанатқызы. Лицензия №13016173, 12.10.2013 ж. ҚР ӘМ ж/е ҚККК

Атырау нотариаттық округінің нотариусы Зейнеденова Бақытгүл Мұқымқызы, 2025 жылдың 8 қазан айында қайтыс болған **Мулюков Абат Имамуратовичтің** мұралық ісі ашылғанын хабарлайды. Осыған байланысты мұрагерлердің төмендегі мекен-жайға хабарласулары сұралады: Атырау қаласы, Сәтбаев көшесі, 56 үй, 4 кеңсе. Жұмыс тел.: 20-42-03, ұялы тел.: 8 701 420 75 73. Лицензия №0001984, 20.10.2004 жылы ҚР Әділет министрлігі берген.

Нотариус Джумашева Гулсара Мухитовна хабарлайды: 2025 жылы 14 шілдеде қайтыс болған **Султанов Гилым Галиахпаровичтің** атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты барлық мұрагерлердің нотариуске, Атырау қаласы, Авангаррд 4 шағынауданы, 12 үй, 58 пәтерде – «Нотариус», орналасқан нотариалдық кеңсеге хабарласулары сұралады.

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитеті 8 сәуір 2011 жылы берілген №0003325 санды лицензиясын мемлекеттік лицензия қолданушы, Атырау нотариаттық аумағының жеке нотариусы Джумашева Гулсара Мухитовна. Ұялы тел: 87014739333.

Нотариус Джумашева Гулсара Мухитовна хабарлайды: 2025 жылы 4 мамырда қайтыс болған **Каускалиева Кадырдің** атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты барлық мұрагерлердің нотариуске, Атырау қаласы, Авангаррд 4 шағынауданы, 12 үй, 58 пәтерде – «Нотариус», орналасқан нотариалдық кеңсеге хабарласулары сұралады.

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитеті 8 сәуір 2011 жылы берілген №0003325 санды лицензиясын мемлекеттік лицензия қолданушы, Атырау нотариаттық аумағының жеке нотариусы Джумашева Гулсара Мухитовна. Ұялы тел: 87014739333.

Нотариус Джумашева Гулсара Мухитовна хабарлайды: 2025 жылы 24 қыркүйекте қайтыс болған **Исалиев Рустам Куандыковичтің** атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты барлық мұрагерлердің нотариуске, Атырау қаласы, Авангард 4 шағынауданы, 12 үй, 58 пәтерде – «Нотариус», орналасқан нотариалдық кеңсеге хабарласулары сұралады.

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитеті 8 сәуір 2011 жылы берілген №0003325 санды лицензиясын мемлекеттік лицензия қолданушы, Атырау нотариаттық аумағының жеке нотариусы Джумашева Гулсара Мухитовна. Ұялы тел: 87014739333.

Атырау нотариаттық округінің нотариусы Зейнеденова Бақытгүл Мұқымқызы, 2025 жылдың 3 маусым айында қайтыс болған **Шамешов Галимның** мұралық ісі ашылғанын хабарлайды. Осыған байланысты мұрагерлердің төмендегі мекен-жайға хабарласулары сұралады: Атырау қаласы, Сәтбаев көшесі, 56 үй, 4 кеңсе. Жұмыс тел.: 20-42-03, ұялы тел.: 8 701 420 75 73. Лицензия №0001984, 20.10.2004 жылы ҚР Әділет министрлігі берген.

1 қазан 2025 жылы қайтыс болған **Масабаев Арман Бахтияровичтің** атына мұралық іс ашылуына байланысты мұрагерлердің Атырау нотариаттық аумағының жеке нотариусы Ухамбаева Куляш Жумабаевнаға хабарласу сұралады. Мекен-жайымыз: Атырау қаласы, Балықшы шағынауданы, Қаршымбай Ахмедияров көшесі, 22 үй, тел.: 87013927339. Лицензия №15015858, 28.08.2015 жылы ҚР ӘМ

Нотариус Ташекенова Жанар Ерсайновна хабарлайды: 2025 жылы 24 қыркүйек айында қайтыс болған **Жолдас Қанат Тоқсанбайұлының** атына мұралық іс ашылды Осыған байланысты барлық мұрагерлердің нотариуске, Атырау қаласы, Әбілқайыр хан 51А, блок Б, «Нотариус» орналасқан нотариалдық кеңсеге хабарласулары сұралады.

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 28 желтоқсан 2022 жылы №22026445 санды лицензиясын қолданушы, Атырау нотариаттық аумағының нотариусы Ташекенова Жанар Ерсайновна. Ұялы тел: 8 775 155 97 87. 8 776 246 97 68.

Нотариус Лукпанова Лаура Есмагзомовна хабарлайды: 2025 жылы 30 маусымда қайтыс болған **Гумарова Айжан Маркешовнаның** атына мұралық іс ашылды Осыған байланысты барлық мұрагерлердің нотариуске, Атырау қаласы, Азаттық даңғылы 74 үй, 15 кеңсеге - «Нотариус» орналасқан нотариалдық кеңсеге хабарласулары сұралады.

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 23 желтоқсан 2022 жылы №22025612 санды лицензиясын қолданушы, Атырау нотариаттық аумағының нотариусы Лукпанова Лаура Есмагзомовна. Ұялы тел.: 8-702-400-02-58.

24 ақпан 2025 жылы қайтыс болған **Шадауова Париат Гибадатовнаның** атына мұралық іс ашылуына байланысты, мұрагерлері болса, Дуйсенгалиева Галия Елтаевнаның, Атырау нотариаттық округінің нотариусы, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитетімен 17 сәуір 2014 жылы берілген № 14005262 лицензиясы негізінде қызмет етуші, Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Құрманғазы ауылы, Сәтеков көшесі, №14 кеңсесіне хабарласулары сұралады. Тел: 87759261958.

11 қараша 2025 жылы қайтыс болған **Джангазиев Темирбулаттың** атына мұралық іс ашылуына байланысты, мұрагерлері болса, Дуйсенгалиева Галия Елтаевнаның, Атырау нотариаттық округінің нотариусы, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитетімен 17 сәуір 2014 жылы берілген №14005262 лицензиясы негізінде қызмет етуші, Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Құрманғазы ауылы, Сәтеков көшесі, №14 кеңсесіне хабарласулары сұралады. Тел: 87759261958.

8 шілде 2025 жылы қайтыс болған **Баубекова Хамида Базарбаевнаның** атына мұралық іс ашылуына байланысты, мұрагерлері болса, Дуйсенгалиева Галия Елтаевнаның, Атырау нотариаттық округінің нотариусы, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитетімен 17 сәуір 2014 жылы берілген №14005262 лицензиясы негізінде қызмет етуші, Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Құрманғазы ауылы, Сәтеков көшесі, №14 кеңсесіне хабарласулары сұралады. Тел: 87759261958.

Атырау нотариалдық аймағының нотариусы А.К.Саркулова хабарлайды: 21.06.2025 жылы қайтыс болған **Есмұханов Орынғали Ізбасарұлының** атына мұралық іс ашылды.Осыған байланысты барлық мұрагерлердің мына мекен-жайдағы нотариустың кеңсесіне хабарласуларыңызды сұрайды: Атырау облысы, Махамбет ауданы. Махамбет ауылы, Абай көшесі №25 үй. Тел: 8-(71236)-2-13-04, 87784822044; 23 шілде 2002 жылы берген, лицензия №0001099.

2024 жылдың 8 желтоқсан айында қайтыс болған **Алиев Кази Гайниевичтің** атына мұралық іс ашылды. Барлық мұрагерлердің мұраны қабылдау үшін Атырау нотариаттық аймағының нотариусы Амандықова Ақмарал Амандыққызына, Атырау қаласы, Авангард-3 шағынауданы, 75 үйде орналасқан нотариустың кеңсесіне хабарласулары сұралады. Лицензия №17006758, 18.04.2017 ж ҚР ӘМ берген.

### ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНЫЛСЫН

Имангалиев Ерлан Кенесбаевичтың атына берілген №1512 Атырау облысы Полиция департаменті куәлігінің жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Атырау
Газет 1923 жылғы сәуірдің 1-нен шыға бастады
МЕНШІК ИЕСІ: «АТЫРАУ-АҚПАРАТ» ЖШС
Бас директор Нұрболат ЕЛЕУСІНОВ
Бас редактор Назарбек ҚОСШИЕВ
Бас редактордың қабылдау бөлмесі – 45-86-43.
Бас редактордың орынбасары – А.Базарбаев
Жауапты хатшы – Д.Мұхамбеталиев
«atr.kz» сайтының редакторы – А.Құрмашева, тілшілер – Е.Қалижан, Т.Ермек
Арнаулы тілші – М.Қуанышева,
экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері: шолушы – А.Сабырова, аға тілші – Д.Аруев,
қоғамдық-саяси және әлеуметтік-мәдени мәселелер: шолушы – Р.Өтеуғали, экология және құқықтық мәселелер: шолушы – А.Қабдол, аға тілші – М.Ерғали
фототілші – Е.Алтыбаев
Корректорлар: Э.Әбілқайырова, А.Шомажанова.
Компьютер цехы: бет құрушылар – С.Рамазанова, А.Жолдыбаева.
Іс жүргізуші: Т.Тайтекова, теруші: К.Елеусінова
Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылғы 22 желтоқсан күні қайта тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпараттық агенттігін және желілік басылымды қайта есепке қою туралы №KZ62VPY00084467 куәлігі берілген.
Басылым «Құрмет белгісі» орденімен, республикалық «Аманат» сыйлығымен марапатталған.
МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ: 060005, Атырау қаласы, Ж.Молдағалиев көшесі, 29а үй.
Уақытша мекен-жайы: 060005, Атырау қаласы, Ө.Атамбаев көшесі, 7г үй.
Электронды пошта: e-mail: atyrau_gazeti@mail.ru
www.atyrau-akparat.kz
*Газет «Атырау» газетінің компьютер цехында теріліп, беттелді.
*«Атырау-Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды.
* Авторлар жарияланымындағы пікірлер редакцияның түпкілікті көзқарасы болып танылмайды. Қолжазбалар өңделеді және авторға қайтарылмайды.
PR Мақалалар коммерциялық негізде басылды деген белгі.
Жарнамалар мен хабарландырулар мазмұнына редакция жауап бермейді.
Индексі: 65424 Аптасына 1 рет шығады.
ТАРАЛЫМЫ: 3416 дана
Нөмірдің кезекшілері: М.Ерғали, Р.Өтеуғали С.Рамазанова, А.Шомажанова
4 606453 849072 20